

2020 жылдың 20 карашасында жалпы техникалық пәндер оқытушысы Қаржаубаева Жанар Қажығұмарқызы «Металлдар технологиясы» пәні бойынша «Қашықтықтан қол жеткізу жағдайында зертханалық жұмыс жүргізу» тақырыбында облыстық шеберлік-сағатын өткізді.

Шеберлік-сағатын өткізудің мақсаты: кәсіби деңгейді арттыру және озық тәжірибемен алмасу, ой-өрісін кеңейту және жұмыстың жаңа әдістеріне тарту, әртүрлі әдістер мен технологиялар бойынша практикалық дағдыларды пысықтау.

Шеберлік-сағаты педагогикалық тәжірибенің жергілікті трансляциясы түрінде өткізілді. Шеберлік-сағатын өткізу үшін ZOOM бағдарламасы қолданылды.

Шеберлік-сағаты жоғары кәсіби деңгейде ұйымдастырылып және өткізілді. Оқытушы оқу материалының ерекшеліктері мен зертханалық жұмыстың деңгейін ескере отырып, мақсаттарын дұрыс ойластырып, тұжырымдады. Металдардың қаттылығын анықтайтын құрылғы – Роквелл қаттылығын анықтайтын құрылғымен және жұмысымен танысуға мүмкіндік берілді.

Бейнефильм онтайлы түсірілді, презентация, сондай-ақ студенттерге арналған зертханалық жұмыс бойынша тапсырмалар мен есеп дайындалды. Шеберлік-сағатына облыстың 15 колледжінен 51 оқытушы он-лайн режимде қатысты. Шеберлік-сағатына қатысқан оқытушылар жоғары баға беріп, жақсы пікірлерін білдірді.



